

СЫН-ПІКІР / REVIEW / РЕЦЕНЗИЯ

Қазақ ауызша дәстүріндегі оғыз тарихының мәселелері


Б.И. Нұрдәулетова

Ш.Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университеті,

Ақтау, Қазақстан

(E-mail: [nurdauletova@mail.ru](mailto:nurdauletova@mail.ru))

DOI: <http://doi.org/10.32523/2664-5157-2023-3-185-194>



Received 15 August 2023. Revised 16 August 2023. Accepted 05 September 2023. Available online 30 September 2023.

Jambil Artikbayev. Kazak Halk Edebiyatında Oğuz Tarihi Meseleleri/ Қазақ ауызша дәстүріндегі оғыз тарихының мәселелері. Kayseri, 2023. 262 s.



*Дәйексөз үшін:*

Б.И. Нұрдәулетова Қазақ ауызша дәстүріндегі оғыз тарихының мәселелері // Turkic Studies Journal. – 2023. – Т. 5. – № 3. – 185-191 б. DOI: <http://doi.org/10.32523/2664-5157-2023-3-185-191>

*For citation:*

B.I. Nurdauletova Problems of Oghuz history in the Kazakh oral tradition // Turkic Studies Journal. – 2023. – Vol. 5. – No 3. – P. 185-191. DOI: <http://doi.org/10.32523/2664-5157-2023-3-185-191>

Түркі халықтарының, соның ішінде қазақ халқының, этногенезін қалыптастырудағы оғыз тайпаларының орны қандай деген мәселе түркітану ғылымында өте өзекті. Қазақ халқының шежірелік тарихының бастауында Оғыз қаған, Алаша хан, Қорқыт Ата есімдерінің жүруі тегін емес.

Профессор Ж.О. Артықбаевтың «Kazak Halk Edebiyatında Oğuz Tarihi Meseleleri/ Қазақ халық әдебиетіндегі оғыз тарихының мәселелері» (Кайсери, 2023) зерттеу кітабында оғыз тарихы қазақтың ескі эпсаналарында және ауызша шежірелік тарихында кездесетін аңыздық деректер негізінде ғылыми пайымдалған. Автор ауызша аңыздық мағлұматтарды ортағасырлық жазба деректердегі, кейінгі археологиялық, этнографиялық, филологиялық зерттеулермен салыстырып, ғылыми дәйектемелермен тұжырымдап отырған.

Біздің ойымызша, қазақстандық гуманитарлық ғылым салаларында ХХ ғасырдың ортасына дейін тарихи зерттеулерге тек жазба құжаттар деректерін негізге алу тенденциясы басым болып келді. Архив қоймаларына, жазу, сызуға түспеген тарих жоққа саналды. Ал қазақ халқы өз тарихын негізінен жадыға сүйеніп, ауызша дәстүр арқылы сақтап келгені белгілі. Негізінен Тәуелсіздік алған кезеңнен бастап күшіне енген «ауызша тарихты» ғылыми негізге алу мәселесі тарихи-этнографиялық зерттеулерге тың мүмкіндіктер ашқаны сөзсіз.

Осы орайда, профессор Ж.О. Артықбаевтың аталған кітабы фольклористика, эпостану, түркітану, тіл тарихы, этнография ғылымдарының зерттеу деректерін жүйелі жинақтаған, оғызтану, түркі этногенезі саласына тың үлес қоса алатын іргелі еңбек екенін айта кету керек. Монографиялық еңбек қазақ интеллектуалдық ортасында ХХ ғасыр басына дейін айтылып келген Алаша хан, Оғыз хан, Толыбай сыншы, Көрұғлы туралы аңыздық тұлғаларға, Ақкөл-Жайылма, Сырлы қала, Қазалы, Баянаула сияқты жерлерге қатысты топонимиялық аңыздарға, далалық өлкедегі ортағасырлық қалалар туралы ауызша деректерге негізделген. Автор қазақстандық ғылымда қолданылып жүрген «ауызша тарих» ұғымының орнына еуропалық ғылымда қабылданған «ауызша дәстүр/oral tradition» терминін ұсынады.

Монографиялық зерттеу екі үлкен тараудан тұрады. Оның бірінші бөлімі «Eski Oğuz Tarihinde Dair Malumatlar/Ескі оғыз тарихына қатысты дерктер» аталады, яғни тоғыз тараушадан тұратын бұл бөлімде Еуразиялық түркі жұртының ең көне тарихи аңыздары қамтылған.

Мысалы осы бөлімнің 1.2 тараушасы қазақ «Атамыз –Алаш, керегеміз-ағаш» деп, өз тарихының қайнар көзін байланыстыратын Алаша хан заманына арналған. Автор бұл аңыздың түрлі варианттары әлемге қазақ сахарасынан тарағанын жазады: «Bu noktada, Sümer, Hitit, Hint-Avrupalılar ile Ural-Altay vb. halkların atalarının bozkır sahasında yaşamış oldukları dönem hakkında konuşmamız yerinde olacaktır» (31 б.). Бұл пікірдің бір дәлелі – Түркияның Анадолы аймағындағы қасиетті Алаша төбе (Alacahöyük) ескерткіші.

Профессор келесі бір тараушада бұл ескерткішке Хет (Hitit) этносаияси тарихы контексінде қайта оралған. Бұл тарауша «Heta veya Kete Denilen Halklar Kimlerdir?», яғни «Хет немесе Кете деген халықтар кімдер?» деп аталады. Бұл тақырыпты «Заметки об этническом составе тюркских племен и народностей и сведения об их численности» (СПб., 1897) кітабында көтерген Н.А.Аристов қазақтың кете руы мен Кіші Азияда мемлекет құрған хет ((hitit) арасын да байланыс барын жазған болатын.

Бұл өте қызықты тарихты Ж.О.Артықбаев бірнеше бағытта қайта көтерген: біріншіден, кете руының көнелігін білдіретін генеологиялық аңыздар, екіншіден, кетелер Кіші Азияға алып келген жылқышылық мәдениеті, үшіншіден, жоғарыда аталған Алаша төбе. Мәселе – бұл қасиетті ескерткіштің Хет мемлекетінің астанасының жанында орналасқаны (Boğazköy ve Alacahöyük) (59-60 бб.).

Монографияның бірінші бөліміндегі негізгі тақырыптардың бірі «Oğuz Han Kazak Şeceresinde». Автор Оғыз (Уыз) хан туралы аңыздардың ең көне нұсқалары қазақ ауызша дәстүрінде сақталғанын салыстырмалы талдау арқылы дәлелдеген. Оғыз хан тақырыбын автор «Тұлпардың дүбірі туралы аңыз (Толыбай сыншы)», «Көрұғлы жыры» аталатын тараушаларда да жалғастырады. Ж.О. Артықбаев ғылыми айналымға енгізген ауызша дәстүр деректері және оларды талдау әдістемесі оғызтану мәселесін жаңа биікке көтерді деп айтуға болады.


Монографияның екінші бөлімі «Orta Çağ Oğuz Tarihi» аталады, яғни Ортағасырлық оғыз тарихы». Бұл бөлім «Жел хан (Елхания) әулеті туралы аңыздан» басталады. Автор жалпы түріктік тарихнамаға, соның ішінде қазақ тарихшысы Құрбанғали Халид жазбаларына сүйеніп және ол деректерді қытай жазбаларымен салыстыра келе, Жел хан әулетін ғұн дәуірімен байланыстырады (154-156 бб.). Бұл бөлімнің негізгі мазмұнында қазақ даласында ортағасырлық оғыз қалалық ескерткіштері туралы ауызша және жазба деректер көп орын алған. Бұлардың ішінде «Далалық өлкедегі оғыз қалалары», «Орта Ертіс бойындағы қимақ қалалары» тараушалары аса қызықты және жаңа ғылыми топшылауларымен ерекшеленеді. Бастысы, далалық өлкедегі оғыз қалалары болсын, Ертіс бойындағы қимақ қалалары болсын, Ж.О. Артықбаев өзінің кешенді зерттеу материалдарына сүйенген.

Автор ауызша деректерді ашуға тек тарихи білімді ғана емес, байырғы тіл мен топонимияны аса ұтымды пайдаланғаны екінші бөлім мазмұнынан жақсы көрінеді. Мысалы, Ертіс бойын ортағасырларда мекен еткен, қала салған, мемлекет құрған елді біз қимақ елі деп білеміз. Автор бұл атау көне түріктік «кем», яғни өзен сөзінен шығатынын жазады: «Bizce, Kimek sözcüğünün kökünü oluşturan kem ismi, nehir anlamına gelmektedir» (194 б.). Бұл сөзінің дәлелі ретінде солтүстік аймақтағы Ұлығ кем өзенін, қазақ тіліндегі кеме, кемер т.б. мысалдарды келтіреді.

Монографияның «Таңбалы жардағы оғыз» атты соңғы тараушасы таңбалары» жоғарыда аталған ауызша дәстүр деректерінің бірден-бір дәлелі болып табылатын қазақ жерінде кездесетін оғыз таңбаларына арналған. Зерттеуші Бетпақ далада орналасқан Таңбалы тас /Таңбалы жар/ ескерткішінің тарихын Алаша ханмен, қазақ халқының мемлекет құру туралы анттасқан алғашқы басқосуымен байланыстырып, «ертеде ел басшылары мен көсемдері келіп, тәуәп ететін Таңбалы жар – көне заманның мұрағаты», яғни “Altı Alaş” grubuna dahil olan topluluklar bu Tanbalı Nura’da birleşip tek bir devlet olduklarını açıklamışlardır» дейді (241 б.). Автор бұл тараушада қазақтың ауызша тарихи деректерімен қоса Ә.Х. Марғұлан, Қ.И. Сәтбаев сынды қазақтың біртуар ғалымдарының зерттеулерін негізге алған.

Қазақ халқының көне дәуірдегі тарихынан мағлұмат беретін жазба құжаттар жоқтың қасы. Әр дәуірдегі әр елдің саяхатшылары мен саясаткерлерінің түрлі мақсатта хатқа түскен жазбаларында ұшырасатын (олардың өзі де соңғы 1100 жылды ғана қамтиды) бірен-саран деректерден қазақтың жүйелі тарихын жасап шығу мүмкін

емес. Сондықтан тарихты танудың басқалай да жолдары мен әдістерін іздестіруге тура келеді. Жазба құжат ақпарынан басқа дерек берерлік археология бар, сақталған жерсу атаулары бар, жергілікті аңыздар және эпиграфиялық материалдар мен таңбалар бар. Олар да – тарихтың көзі, әрқайсысы өз алдына жеке тұрып, жанама дерек ретінде біраз нәрседен хабар береді.

Зерттеушінің: «Неолит пен энеолит замандарында б.э.б. IV-III мыңжылдықтарда Ертіс пен Түркістан арасындағы кең-байтақ сахараны игере бастаған жылқышы тайпалар Таңбалы жар бетіндегі өрнектердің алғашқы авторлары болып шығады», – деген ғылыми уәжіне сүйенсек, Қазақстанның Маңғыстау аймағынан табылған оғыз таңбаларын да Таңбалы жардағы таңбалардың тарихи жалғасы деп айтуға негіз бар. Бетпақ даланың Таңбалы жары сияқты Маңғыстауда да бірнеше дәуірдің таңбаларын жинақтаған таңбалар галереясы Қарақабак (Қара кеуек шүлдір, Таңбалы сай деп те аталады) сайында орналасқан. Бұл жерден Алтын Орда дәуіріндегі маңғыттардың шөміш таңбасын, бастапқыда қият әулетіне тиесілі болған, кейін «төре таңба» аталған  айыр тәріздес таңбалар анықталды., Таңбалы сайда оғыз тайпаларынан: *байындыр, аусар, қызық, шәуілдір, қарабөлік, имур, қайы, салур, қарқын, баят, дөгер, бектілі* таңбалары кездеседі.

Профессор Ж.О. Артықбаев Таңбалы жарда 500-ден астам таңбаның бір жерде жинақталуы, оның ішінде көне оғыз таңбаларымен қатар қазақтың түрлі руларының да таңбасы болуы – Таңбалы жардың өте ежелгі тарихи орын екендігінің белгісі деген қорытынды ой айтады. Жалпы қазақ жеріндегі кез келген ескерткішті алып қарасақ, одан бірнеше дәуірдің ізін көреміз, олардың ішінде оғыз дәуірі ерекше таңбаланған. Бұл тек ортағасырлық мәдени мұраға ғана емес, сонымен бірге қазақ рухани әлемінде көп орын алатын ауызша дәстүрге де қатысты. Сан-салалы қазақ ауызша дәстүрінде тарихи аңыздар мен жырлар ерекше орын алатыны ақиқат. Осынау мол мұраны жүйелеу, сүзгіден өткізу, тәпсірлеу, ғылыми айналымға енгізу оңай шаруа емес. Сол себепті де біз профессор Ж.О. Артықбаевтың «Kazak Halk Edebiyatında Oğuz Tarihi Meseleleri/ Қазақ ауызша дәстүріндегі оғыз тарихының мәселелері» (Кайсери, 2023) зерттеу кітабын жоғары бағалаймыз. «Kazak Halk Edebiyatında Oğuz Tarihi Meseleleri/ Қазақ халық әдебиетіндегі оғыз тарихының мәселелері» монографиясы тек оғыз тарихы ғана емес, сонымен қатар жалпы Еуразия тарихының көне және ортағасырлық тарихын тұтас және терең қарастыру үшін маңызды.

**Б.И. Нурдаулетова**

*Каспийский государственный университет технологий и инжиниринга имени Ш.Есенова,  
Ақтау, Республика Казахстан  
(E-mail: nurdauletova@mail.ru)*


### **Проблемы истории огузов в казахской устной традиции**

**Краткое содержание рецензии.** В гуманитарных направлениях казахстанской науки до середины XX века господствовала тенденция, ориентирующаяся в

исторических исследованиях исключительно на письменные источники. Считалось, что история, не отразившаяся в архивных документах, в нарративных записях, не является историей. Тогда как в среде кочевников, обитавших в степях Евразии, история сохранилась в основном в виде устной традиции, письменная же ее фиксация не стало правилом.

Понятие «устная история» стало популярным в гуманитарных науках только после обретения независимости, и оно способствовало новым тенденциям и возможностям в историко-этнографических исследованиях. Автор, излагая и комментируя казахские легендарные тексты, вводит в научный оборот новый термин «устная традиция», что в общем-то принято в европейских научных школах, над этим нам следовало тоже подумать.

Последний параграф монографии посвящен огузским тамгам, обнаруживаемым в казахской земле, фактически они являются единственным материальным доказательством устных повествований. Исследователь связывает памятник Танбалы тас/Таңбалы жар/ в Бетпакдале с легендарным Алаша ханом, с клятвopиношением в общенародном сходе в этой местности, которое стало началом образования государства. Он пишет «в старину Таңбалы жар был сакральным местом, куда приходили руководители народа на поклонение. Автор на основе данных устной традиции казахов, на публикациях выдающихся казахских ученых, зафиксировавших устные повествования, отмечает: «казахи с незапамятных времен относились к Танбалы жар как к священному центру, где на каменной стелле отражены их борьба за независимость, за вольность и боевой дух их предков. Один из таких периодов – огузская эпоха, и она подтверждается огузскими тамгами на Танбалы жар.

Как Танбалы жар в Бетпакдале, так и в Мангыстау есть галерея тамг нескольких эпох. Эта местность, вернее глубокий лог носит название Қарақабак, а также Қара кеуек шүлдір, Таңбалы сай. Во время наших экспедиционных работ в каменных стенах этого лога нами было обнаружено 42 различных тамг. Самые древние из них представляют обычный знак из одной линии, называются *көсеу таңба*, а также из одного или из двух кругов *күн* и *ай таңба*. Из тамг средневековых огузов зафиксированы – *қазаяқ тамга* племени салор, тамга одного из ведущих родов огузов – *қайы таңба*. А также тамга мангытов времен Золотой Орды – *шөміш таңба*, таңба қиятов, а в последствии тамга чингизидов «*төре таңба*», в виде . Как показывают результаты исследований участников экспедиции, в Таңбалы сай есть знаки, очень близко напоминающие германскую, или так называемую скандинавскую рунику, а также Орхоно-Енисейскую графику древних тюрков. В целом в Таңбалы сай встречаются тамги следующих средневековых огузских племен: *байындыр*, *аусар*, *қызық*, *шауілдір*, *қарабөлік*, *имур*, *қайы*, *салур*, *қарқын*, *баят*, *дөгер*, *бектілі*.

Монография профессора Ж.О. Артықбаева «Kazak Halk Edebiyatında Oğuz Tarihi Meseleleri/Қазақ халық әдебиетіндегі оғыз тарихының мәселелері» (Кайсери, 2023) очень значима не только для исследователей истории огузов, но и в целом объемного и глубокого рассмотрения древней и средневековой истории Евразии.

**B.I. Nurdauletova**


*Sh. Yessenov Caspian State University of Technologies and Engineering,  
Aktau, Republic of Kazakhstan  
(E-mail: nurdauletova@mail.ru)*

### **Problems of Oghuz history in the Kazakh oral tradition**

**Summary of the review.** In the humanities of Kazakh science until the middle of the twentieth century, there was a tendency to focus exclusively on written sources in historical research. It was believed that a story that did not appear in archival documents, in narrative records, was not history. Whereas among the nomads who lived in the steppes of Eurasia, history has been preserved mainly in the form of an oral tradition, but its written fixation has not become the rule.

The concept «oral history» became popular in the humanities only after gaining independence, and it contributed to new trends and opportunities in historical and ethnographic researches. The author, expounding and commenting on the Kazakh legendary texts, introduces a new term «oral tradition» into scientific circulation, which is generally accepted in European scientific schools, we should also think about this.

The last paragraph of the monograph is devoted to the Oghuz tamgas found in the Kazakh land, in fact they are the only material evidence of oral narratives. The researcher connects the monument of Tanbaly tas/Tanbaly zhar/ in Betpak with the legendary Alasha Khan, with the oath-offering in a nationwide gathering in this area, which was the beginning of the state formation. He writes, «in the old days, Tanbaly zhar was a sacred place where the leaders of the people came to worship. The author, based on the data of the oral tradition of the Kazakhs, on the publications of outstanding Kazakh scientists who recorded oral narratives, notes: «The Kazakhs from time immemorial treated Tanbaly Zhar as a sacred center, where their struggle and the fighting spirit of their ancestors for independence, for freedom are reflected on a stone stele. One of such periods is the Oghuz epoch, and it is confirmed by the Oghuz tamgas on the Tanbaly zhar.

As Tanbaly zhar in Betpak as well as in Mangystau there is a gallery of tamgas of several eras. This area, or rather a deep log is called Karakabak, as well as Kara keuk shuldir, Tanbaly sai. During our expedition work in the stone walls of this log, we discovered 42 different tamgas. The most ancient of them represent an ordinary sign from one line, called koseu tanba, as well as from one or two circles of kun and ai tanba. Of the tamgas of the medieval Oghuzes, the Kazayak tamga of the Salor tribe, the tamga of one of the leading Oghuz clans, the kayy tanba, are recorded. And also the tamga of the Mangytovs of the Golden Horde – shomish tanba, tanba kiyatov, and later the tamga of the Chingizids «tore tanba», in the form of . As the results of the research of the participants of the expedition to Tanbaly sai show that there are signs very closely resembling the Germanic,

or so-called Scandinavian runic, as well as the Orkhon-Yenisei graphics of the ancient Turks. In general, there are tamgas of the following medieval Oghuz tribes in Tanbaly sai: Bayyndyr, Ausar, Kyzyk, Shauildir, Karabolik, Imur, Kayy, Salur, Karkyn, Bayat, Doger, Bektili.

The monograph of Professor Zh.O. Artykbayev «Kazak Halk Edebiyatında Oğuz Tarihi Meseleleri/Kazak halyk adebiyetindegi oghiz tarikhyn maseleri» « (Kayseri, 2023) is very significant not only for researchers of the history of the Oghuz, but also comprehensive and in-depth consideration of the ancient and medieval history of Eurasia.

***Автор туралы мәлімет:***

*Нұрдаұлетова Бибайша Ильяскызы*, филология ғылымдарының докторы, қазақ филологиясы кафедрасының профессоры, Ш. Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университеті, 32 шағын ауданы, Ақтау, Маңғыстау облысы, Қазақстан Республикасы.

Scopus ID – 57221665637

***Сведения об авторе:***

*Нурдаұлетова Бибайша Ильяскызы*, доктор филологических наук, профессор кафедры казахской филологии, Каспийский университет технологий и инжиниринга им. Ш. Есенова, 32 микрорайон, Ақтау, Мангыстауская область, Республика Казахстан.

Scopus ID – 57221665637

***Information about authors:***

*Nurdauletova Bibaysha Iliyaskyzy*, Doctor of Philology, Professor of Kazakh Philology Department, Sh. Yessenov Caspian State University of Technologies and Engineering, 32 microdistrict, Aktau, Mangystau region, Republic of Kazakhstan.

Scopus ID – 57221665637